Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 130-131

ЗАМАНАУИ ЖАБЫН МАТЕРИАЛДАРЫН ЗЕРТТЕУ

Қабжалелов С.

Жабын материалдарының сәулет өнеріндегі алатын орны ерекше. Себебі, олар, шатыр конструкциясымен бірге, ғимараттың сәулеттік әсемділігін анықтайды. Сәулеттік әсемділік, өз кезегінде, оның құраушы элементтеріне байланысты. Ғимараттың әрбір элементтерінің әсемділігі, эргономикалық дұрыстылығы және конструкциялық тұрықтылығы оның біртұтастығын көрсетеді.

Заманауй ғылым және технологиялар жетістіктерінен пайда болған материалдар мен әдістер сәулетке, ғимаратқа, оның элементтеріне жаңа әр береді. Дәстүрлі жабын материалдары мен заманауй жабын материалдарын өндіру технологиясындағы айырмашылығы – екіншілерін дайындауда жаңа әдіс және материалдар қолданылуында.

Адамның эстетикалық қажеттілігі, белгілі бір дәрежеде, оның сол уақыттағы функционалдық қажеттілігіне сай өзгереді. Адамды қоршайтын заттар ендігі кезде ешбір керексіз, функционалдық пайдасы жоқ элементтерден айырылған.

Заманауй жабын материалдары дәстүрлі жабын материалдарының түр-әлпетіне еліктеніп жасалады. Оның себебі олардың формасының тиімділігі, мысалы, жауын-шашын суларын дұрыс бағыттауы. Сонымен қатар, оның функционалдық қызмет қатарына жоғарыда айтылған альтернативті энергия көздерінің интеграциясы және тағы да басқа жаңа жүйелер қосылды. Осының бәрі қазіргі жабын материалының заманауй талаптарды қанағаттандыра алуын қажет етеді.

Соңғы кездері жабын материалдары бұрын-соңды шатыр жасауда қолданбаған материалдардан да жасалынып жатыр. Мысалы, жарық өткізетін жабын. Ол кәдімгі әйнектен жасалынған. Әрине, мұндай материал үй экстерьеріне жаңаша келбет береді.

Сонымен жоғарыда айтылған қолданыстағы заманауй жабын материалдардан басқа эксперементалды түрде тестілеуден өтіп жатқан жаңа материалдар жетерлік. Бірақ, олардың практикалық қолданыстағы пайдалы әсері толығымен зерттеліп ашылған жоқ. Мысалы, қазіргі кездегі бәріне танымал нанотехнологияның керемет жемісі - нано-түтікшелер. Олардың потенциалды қолдану аймағы тек сәулет өнерімен шектелмейді. Одан да басқа өзінің нақтылы қолданысы әлі анықталмаған жаңа материалдар күн сайын пайда болып , зерттелініп жатыр. Сол себепті бұл мақала осы бағыттағы атқарылып жатқан ғылыми жұмыстардың біріне жатады.

Жетекші: т.ғ.д. Сұранқұлов Ш.Ж.